ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылдың 26 ақпан №1112-25-00-2/6 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.И.Нургалиева,
сот отырысының хатшысы Ж.С.Хамитов ашық сот отырысында келесі талап арыз бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысының жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Айжан» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі Токушева А.С.
жауапкердің өкілі Маламанова А.У.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 16 қараша Ақмола облысының жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Айжан» жеке кәсіпкері (бұдан әрі - өнім беруші) арасында №420 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды, оның талаптары бойынша Өнім беруші акварель бояуы - тауарын беруге

міндеттенеді (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың сомасы 21 450 теңгені құрады.

Қамтамасыз ету 2024 жылғы 18 қарашада енгізілді.

Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім берушінен 2024 жылдың 1 желтоқсанында енгізілді.

Тауар жеткізілмеген.

Келісімшарт 2024 жылдың 23 желтоқсанында бұзылды.

Талапкер жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаппен сотқа жүгінді, өткені келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалмады.

Жауапкердің өкілі пікірінде талаппен келіспегенін көрсетіп: шартта және техникалық спецификациясында көрсетілген мерзімге (16 күн ішінде) сәйкес толық тауарды (акварель бояуы - 50 набор) уақытында алып келді, бірақ оны Тапсырыс беруші техникалық спецификациясына келмеді деп қабылдамады, 50 набор акварель бояуын апарды, оның 31 наборы техникалық спецификациясына сәйкес болды, 19 наборы сәйкес емес. Белгіленген мерзімге сәйкес Шарттағы міндетемелерін жартылай орындады, себебі 31 набор техникалық спецификациясына сәйкес болды, бірақ оныда Тапсырыс беруші себепсіз қабылдамады.

Кейін, 19 наборын дұрыстап техникалық спецификациясына сәйкес алып келеді деп, оған Тапсырыс беруші келісіп күтеміз деп уәде берді, мерзім белгіленген жоқ. Қалған 19 наборын әкелуге дайын болды, бірақ оны күтпей Тапсырыс беруші сотқа талап арызын жіберіп, шарты бұзып тастаған.

Талапкердің өкілі сот отырысында талап-арызда айтылған дәлелдерге сілтеме жасай отырып, талап-арыздарды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында ішінара қанағаттандыруды сұрап, айыппұлды төлеуге дайын екенін көрсеткен.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 393-бабының 1-тармағына сәйкес Тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (бұдан әрі-Заң) 12-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі, оның ішінде осы баптың 4 - тармағының 3-тармақшасына сәйкес-олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 05.03.2025

Дата вступления в законную силу: 07.04.2025, судья Нургалиева Г. И., 07.04.2025

орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді Мемлекеттік сатып алу туралы.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген соттардың шешімдері негізінде қалыптастырылады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Мемлекеттік сатып алу туралы Заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей осындай әлеуетті өнім берушіні тану туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге міндетті немесе өнім берушінің

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы болып табылады.

Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, тауар шартта белгіленген мерзімде жеткізілмеген.

Жауапкердің шарт талаптарын тиісінше орындамауы ол үшін Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген салдардың туындауына әкеп соғады.

"Соттардың Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілерді тану туралы талаптарды қарау кезінде, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар соттар АК-нің 359-бабына сәйкес өнім берушінің кінәсін және АІЖК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен парасаттылық критерийлеріне сүйене отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде назарға алуы қажет.

Теріс салдарлар деп Шарттың тарапына осындай залал келтіруді, ол шарт жасасу кезінде сенуге құқылы нәрседен едәуір айырылғанын түсіну керек (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сондай-ақ, соттар жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптары жасасатын қосымша келісімдерді бағалауға жатады. Заңның 45-бабында Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты соттар егер Тараптар Заңның 45 - бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізбесе, онда жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз.

Талапкер теріс салдары болып табылатын тауарды алған жоқ.

Азаматтық кодекстің 10-бабына сәйкес азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату,

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 05.03.2025

Дата вступления в законную силу: 07.04.2025, судья Нургалиева Г. И., 07.04.2025

жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жауапкер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра отырып, байланысты тәуекелдерді қабылдады, конкурсқа қатысты, оның жеңімпазы болды және шартқа қол қойды, сондықтан шарт бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті болды.

Баяндалған мән-жайлар кезінде жауапкердің шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамауын ескере отырып, сот Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талапты қанағаттандыру туралы қорытындыға келді.

№2 талабы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 293-бабына сәйкес, борышкер міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, атап айтқанда орындау мерзімі өткен жағдайда кредиторға төлеуге міндетті заңнамада немесе шартта айқындалған ақшалай сома тұрақсыздық айыбы деп танылады.

Шарттың 7.3 - тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Талапкердің өкілі ұсынған тұрақсыздық айыбын есептеу:

21 450 теңге*0,1%*20 күн=429 теңге.

Тұрақсыздық айыбын есептеу кезінде күнтізбелік күндер бойынша есептеуі қате жіберілген.

18 күн (2024 жылғы 4 желтоқсаннан 2024 жылғы 22 желтоқсанға дейін) * 21 450 теңге*0,1%= 386 теңге.

Сот жауапкердің шарт жасасуға байланысты тәуекелдерді және оның орындалу тәсілін түсінуінің мән-жайлары шартқа қол қойылғанға дейін, бірақ ол бойынша міндеттемелерді орындау сәтінде ескерілмеуге тиіс екенін атап өтеді.

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 05.03.2025
Дата вступления в законную силу: 07.04.2025, судья Нургалиева Г. И., 07.04.2025
1112-24-3-1/4721

Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Мазмұндалған мән-жайлар кезінде жауапкердің шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамауын ескере отырып, сот талап қоюды ішінара қанағаттандыру туралы қорытындыға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабының тәртібімен, жауапкерден мемлекет кірісіне талап қоюшы босатылған төлемнен мемлекеттік баж өндіріліп алынуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК – нің 117, 268-269, 403 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айжан» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Айжан» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Айжан» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 386 (үш жүз сексен алты) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын және 1 858 (бір мың сегіз жүз елу сегіз) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың қалған бөлігінен бас тартылсын.

Шешімге апелляциялық шағым прокурор апелляциялық өтінішхатты Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып беруі мүмкін.

Судья **Нургалиева Г.И.**

Көшірме дұрыс.

Судья **Нургалиева Г.И.**

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 05.03.2025

Дата вступления в законную силу: 07.04.2025, судья Нургалиева Г. И., 07.04.2025

1112-24-3-1/4721